

*ҚР Парламенті Мәжілісінде
«2012-2014 жылдарға арналған республикалық
бюджет туралы» Қазақстан Республикасының
Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы» Заң жобасының таныстырылымында
ҚР Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевтің
сөйлейтін сөзіне тезистер*

**Құрметті төрағалық етуші,
құрметті депутаттар!**

Бүгін Сіздердің қарауларыңызға Мемлекет басшысының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Үкіметтің ағымдағы жылғы 27 қаңтардағы кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған «2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Жоғарыда айтылған тапсырмалармен қатар, 2011 жылдың және ағымдағы жылғы қаңтардың қорытындылары бойынша базаның өзгеруіне, сондай-ақ мұнайға болжамдық бағаның өзгеруіне байланысты макроэкономикалық көрсеткіштердің 2012-2016 жылдарға арналған болжамын нақтылау 2012 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін нақтылау үшін негіз болды.

Қосымша кірістер, басым емес шығыстарды және кейінге қалдыру шарты бар бюджеттік инвестицияларды қысқарту есебінен шығыстарды оңтайландыру, өткен жылдың бюджет қаражаты қалдығын тарту нақтылау үшін көздер болып табылады.

2012 жылға арналған республикалық бюджеттің **түсімдері** **5 237 млрд. теңге** көлемінде немесе бекітілген бюджетпен (4 751 млрд. теңге) салыстырғанда **486 млрд. теңгеге** өсумен

анықталды. Одан **300 млрд. теңге** (*150 млрд. теңге салық түрінде, 150 млрд. теңге дивидендтер түрінде*) Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. компаниясынан 10 пайыздық қатысу үлесін сатып алу бойынша келісімді іске асыруға байланысты күтілуде. Бұл ретте осы үлесті сатып алу қажеттілігіне байланысты, осы сома нақтыланып жатқан бюджеттің шығыстарында көрсетіледі.

Осылайша, нақтылау үшін көз ретінде **186 млрд. теңгені**, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансфертті **180 млрд. теңге** сомаға, немесе 1,2 трлн. теңге бекітілген көлеммен салыстырғанда **15 пайызға** артуына байланысты қарастырылып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының Тұжырымдамасына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2012-2014 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар қосымша енгізілді.

Бұдан басқа, кіріске жалпы сомасы **6 млрд. теңгеге** өзгерістер енгізілуде, олар ұлғайту, сол сияқты азайту факторларының есебінен қалыптасты:

- **202 млрд. теңгеге ұлғаю** мыналардың есебінен:

- *экономиканың даму қарқынының өсуі – 164 млрд. теңгеге;*
- *салықтық әкімшілендіруді жақсарту – 10 млрд. теңгеге;*
- *акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтердің және өзге де салықтық емес түсімдердің бір жолғы түсімдері – 22 млрд. теңгеге;*
- *басқа да факторлар (2011 жылдың фактісі бойынша есептеулерді нақтылау) – 6 млрд. теңгеге.*

- **196 млрд. теңгеге азаю** мыналардың есебінен:

- бюджеттен қосылған құн салығын қайтару сомасының өсуі – 76 млрд. теңге;
- заңнаманың өзгеруі (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. компаниясы бойынша экспорттық кедендік бажды алып тастауына байланысты) – 64 млрд. теңге;
- мұнай өнімдерін өндіру және экспорттау көлемінің азайуы (83 млн. тоннадан 81 млн. тоннаға дейін) – 11 млрд. теңге;
- мұнай және мұнай өнімдері саласындағы келісім бойынша (мұнай өнімдерін әкетуге тыйым салу) – 35 млрд. теңге;
- мемлекеттік резервтерден астықты сатудан түсетін түсімдердің қысқаруы – 6 млрд. теңге;
- мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан түсетін түсімдердің қысқаруы – 5 млрд. теңге.

Президенттің экономикалық өсуді және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етпейтін бюджет шығыстарын қысқартуға қатысты тапсырмаларын орындау үшін Үкімет **26 млрд. теңге** шығыстарды оңтайландырды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысы айтқан тапсырмаларды іске асыру үшін көп шығынды іс-шараларды (мерекелер, конференциялар, көрмелер, кездесулер және т.б.) жүргізуге арналған шығыстарды тексеру бойынша жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде республикалық бюджет бағдарламалары әкімшілерінің ұсыныстары бойынша шамамен **800 млн. теңге** оңтайландырылды.

Сондай-ақ, нақтылау кезінде 2011 жылғы **бюджет қаражатының қалдығы есебінен** 2012 жылғы **бюджет тапшылығы** **21,3 млрд. теңгеге** ұлғаяды және **780 млрд. теңгені** немесе жалпы ішкі өнімнің

бекітілген 2,6 пайызбен салыстырғанда салыстырмалы шамада қысқарып, **жалпы ішкі өнімнің 2,5 пайызын** құрайды. Бұл ретте, қарыз алу есебінен қаржыландырылатын де факто тапшылығы абсолюттік мәнінде бекітілген бюджет (758,5 млрд. теңге) деңгейінде қалып отыр. Бюджет қаражаты қалдықтарынан 17 млрд. теңге олар бойынша 2011 жылы міндеттемелер қабылданған жалғасы бар шығыстарды қаржыландыруға жұмсалатын болады.

4 млрд. теңге бюджет қаражатының бос қалдықтары, тиісінше басқа шығыстарға жұмсалатын қаражаттың нетто көзі болып табылады.

Бұдан басқа, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарының негізінде, қаражатты неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында жалпы сомасы **21 млрд. теңге** қаражатты **қайта бөлу** ұсынылады.

Нәтижесінде, 2012 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстары бекітілген (5 509,5 млрд. теңге) бюджетпен салыстырғанда **507 млрд. теңгеге** ұлғайтумен **6 017 млрд. теңге** сомасында көзделіп отыр.

Нақтыланған бюджет жобасына енгізілген бюджеттің шығыс бөлігіндегі басымды бағыттарға қысқаша тоқталып өтейін.

1. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы. «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы бойынша халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді дамытуды мемлекеттік қолдауға қосымша шамамен **12 млрд. теңге** көзделген.

2. Қол жетімді тұрғын үй – 2020. «Қол жетімді тұрғын үй – 2020»

жаңа бағдарламасын іске асыруға қосыша **36 млрд. теңге** жұмсау жоспарланып отыр, оның ішінде:

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, абаттандыруға және (немесе) сатып алуға берілетін трансферттер – **11 млрд. теңге**;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға берілетін трансферттер – **25 млрд. теңге** (*әкімдіктерде кезекте тұрғандар үшін – 10 млрд. теңге, жас отбасылар үшін – 15 млрд. теңге*).

3. Өңірлерді дамыту. Бұл бағыт бойынша **67 млрд. теңге**

сомасында қосымша шығыстар көзделіп отыр, оның:

- аумақтарды, қалалық агломерациялар мен моноқалаларды дамытуға – **20 млрд. теңге**, оның ішінде өңірлердің инфрақұрылымын салуға және дамытуға, көшелерді жарықтандыру мен көгалдандыруға, рұқсат берілмеген қоқыс төгу үйінділерін жоюға, иесіз объектілерді бұзу, жылу жүйелерін жөндеу, аулалық балалар ойын алаңдарын орнату және басқа іс-шараларға – **6 млрд. теңге**.

- өңірлердің инфрақұрылымын салуға қосымша **47 млрд. теңге** көзделіп отыр, оның ішінде:

- *Маңғыстау облысының **Жаңаөзен** қаласын дамытуға – **4 млрд. теңгеден аса** 2012-2020 жылдарға арналған Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарына сәйкес, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау жүйелерін, жылу желілерін кеңейтуге және реконструкциялауға, білім беру мен денсаулық сақтау объектілерін салуға, және*

құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бойынша шараларға;

- **Ақмола облысы – 2,4 млрд. теңге**, оның ішінде Көкшетау қаласындағы көше-жол желілерін жөндеуге – 1,4 млрд. теңге және Бурабай кентінің көше-жол желісін дамытуға – 1 млрд. теңге;

- **Астана** қаласын дамытуға қосымша **25 млрд. теңгеден аса қаражат** көзделген, оның ішінде жылу желілерін реконструкциялау мен кеңейтуге, қала көшелерін реконструкциялауға, денсаулық сақтау және білім беру объектілерінің инженерлік желілерін салуға, абаттандыру мен көгалдандыруға («Жасыл белдеу»). Бұдан басқа, велотректі салу бойынша міндеттемелерін төлеуге арналған шығыстар қолдау тапты;

- **Алматы** қаласын дамытуға – **15 млрд. теңге**. Қаражаттар жылу энерго орталығы мен жылу желілерін реконструкциялауға, көлік жол айрықтарын салуға, халықаралық шаңғы трамплиндерінің құрылысын әрі қарай жалғастыруға көзделіп отыр.

4. Ауыл шаруашылы. Ауыл шаруашылығына қосымша **5 млрд. теңге** жұмсау жоспарланып отыр, оның ішінде:

- жергілікті атқарушы органдарға (446 ветеринария мамандарына) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредиттер бөлу үшін – **1,2 млрд. теңге**

- ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге – **1,8 млрд. теңге** (31-ші ветеринариялық зертхана құрылысын аяқтауға);

- асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға – **2 млрд. теңге**, оның ішінде сатып алу құнын өтеуге:

- асыл тұқымды импорттық ірі қара малдың – 1,9 млрд. теңге (шамамен 11 мың бас);
- отандық қойлардың – 138 млн. теңге (шамамен 20 мың бас).

5. Индустриалдық-инновациялық даму. Нақтылау кезінде республикалық бюджетте индустриалдық-инновациялық дамуға қосымша **15 млрд. теңгеге аса** көзделген, олардың ішінде:

- индустриалдық инфрақұрылымды дамытуға және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкер-инноваторлардың жобалары үшін қарызды кепілдендіру үшін – **8 млрд. теңге**;

- инновациялық гранттарды беру жолымен инновацияларды ынталандыруға – **500 млн. теңге**;

- Германия, Польша, АҚШ, Канада, Алжир және Ресей шикізат көздерінен жаңа инновациялық өндірістік ферросиликоналлюминий өндірудің тәжірибелік-өндірістік сынағын өткізуге – **500 млн. теңге**;

- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту **6 млрд. теңге** сомасында 2 теміржол (Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл) және газқұбыры (Қарталы-Тобол-Көкшетау-Астана) құрылысы бойынша жобалық сметалық құжаттар әзірлеуге.

6. Қазақстандағы адам капиталының сапалық өсуі.

Бұл бағытты іске асыру үшін қосымша **39 млрд. теңгеден аса** қаражат көзделген, оның ішінде:

1) Білім беруге – қосымша **13 млрд. теңге**, олардың ішінде:

- Жоғарғы оқу орындары мен колледждерге жатақхана салуға – **2 млрд. теңге**;

- 73 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зертханалар мен шеберханаларды материалдық-техникалық жарықтандыруға – **2 млрд. теңге;**

- ілгері ғылыми зерттеулерді жүргізуге және отандық ғалымдарды қолдауға – **3 млрд. теңге;**

- педагогикалық мамандықтар бойынша дайындықты жүзеге асыратын жоғарғы оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесін құруға – **184 млн. теңге** (жоғарғы оқу орындарының 300 оқытушысының біліктілігін арттыру);

- білім беру объектілерін салу және реконструкциялау – **4 млрд. теңге** (6 бала бақша, 10 мектеп және кәсіби мектеп (құрылыс профилі бойынша) салуды аяқтау.

- 7 жоғары оқу орындарының жатақханаларында күрделі жөндеу жүргізуге – **490 млн. теңге.**

2) Денсаулық сақтауға – қосымша шамамен **19 млрд. теңге**, оның ішінде:

- Қазақстанда 2012-2014 жылдарға арналған онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасын әрі қарай іске асыруға – **6 млрд. теңге;**

- Медициналық жоғары оқу орындарында 4 жаңа жатақхана құрылысының басталуы – **108 млн. теңге;**

- «100 аурухана» және «350 дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер және емхана» шеңберінде денсаулық сақтаудың 18 объектісін салуға – **13 млрд. теңге.**

Бұдан басқа, техникалық экономикалық негіздеме жасауға – **625 млн. теңге**, одан Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми онкология

орталығының техникалық экономикалық негіздемесің жасауға – 300 млн. теңге.

3) «Назарбаев Университеті» Дербес білім ұйымын дамытуға қосымша 7 млрд. теңгедей бөлу жоспарланып отыр, оның ішінде:

- «Болашақтың госпиталін» құруға – **5 млрд. теңге;**

- «Назарбаев Университет» базасында инновациялық-зияткерлік кластерді қалыптастыру үшін инфрақұрылымды дамытуға – **2 млрд. теңге;**

- Астана қаласында Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықты құру бойынша консалтингтік қызметке – **400 млн. теңге.**

7. Халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру.

Жолдаудың осы бағытын іске асыруға қосымша **5 млрд. теңгеден аса** көзделген, бұл – Астана, Алматы, Ақтау және Қарағанды қалаларында мамандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтарын құруға, электрондық форматта рұқсат беру құжаттарын беру жүйесін жетілдіруге қарастырылған (Жер ресурстар басқару агентігі, Әділет, Қорғаныс, Көлік және коммуникация министрліктеріне).

8. Туризм және көпшілік спорт саласын дамытуға 4 млрд. теңгедей бөлінеді, оның ішінде Астана қаласының республикалық велотрегін салу бойынша міндеттемелерін төлеуге **1,6 млрд. теңге** сомада, республикалық туризм жүйесі негізінде, сонымен бірге Алматы қаласының шаңғылы тау зонасын, Бурабай курорттық зонасын, Кеңдерлі және Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың жүйелі жоспарын әзірлеуге – **1,3 млрд. теңге.**

9. Сыртқы саясат.

Сыртқы саясат саласында **2 млрд. теңге** сомада шығыстар, оның ішінде үлес жарнасын төлеуге еуразиялық экономикалық комиссияға **1,3 млрд. теңге** көзделген, осы комиссияның қызметі қамтамасыз етілуі үшін Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа Мемлекет басшысының 2011 жылдың аяғында қолы қойылды.

Үкімет Резерві.

Әртүрлі шұғыл және жедел іс-шараларға уақытылы ден қою үшін Үкімет резервін **32,5 млрд. теңге** сомаға ұлғайту ұсынылып отыр.

Бұдан басқа бюджеттік нақтылау туралы заң жобасында бірқатар мемлекеттік органдарды (*Ақпарат және байланыс министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Спорт және денсаулық сақтау агенттігі*) қайта ұйымдастыруға байланысты Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарын іске асыру үшін жүргізілген түзету, сондай-ақ кейбір мемлекеттік органдардың штат санын ұлғайтуға жұмсалған шығыстардың өсуі ескерілген.

Құрметті депутаттар!

Аяқтай келе, бірлесіп істеген жұмыстарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз, Сіздермен заң жобасын талқылау кезіндегі ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңіз алдағы жұмыстарымызда мүмкіндік келгенінше іске асырылатын болады.

2012 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджетті уақтылы қабылдаумен бірқатар басымды міндеттердің шешімі болып келеді және заң жобасын талқылау және қабылдау мерзімдерінің тығыздығын назарға ала отырып, Сіздерден қолдау көрсетуді сұраймыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!